

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің 2017 ж. « » _____
(№__ хаттама) шешімімен
БЕКІТІЛДІ

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес
акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

Астана, 2017 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасына сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған міндеттерді, қағидаттар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды айқындайды.

2. Саясаттың негізгі мақсаты болып сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерттеу, шектеу және жою бойынша алдын алу шараларының жүйесін әзірлеу және енгізу, Саясат субъектілерінің сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікпен сипатталатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

3. Осы Саясатта қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) сыбайлас жемқорлық – Қордың жауапты лауазымды адамдардың және жұмыскерлердің өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

2) Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Қордың өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметі;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

4) Қордың лауазымды адамы – Қорда тұрақты, уақытша немесе арнаулы уәкілеттік бойынша ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

4-1) Қорда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар деп Қорда тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар танылады;

4-2) Қордың ұйымдық-өкімдік функциялары деп адамдардың заңнамада және құрылтай құжаттарында көзделген, Қордың атқарушы органының өкілеттіктерін жүзеге асыру жөніндегі қызметі түсініледі. Осы функцияларға ұжымды жалпы басқару, кадрларды іріктеу мен орналастыру, бағынысты

адамдардың еңбегін ұйымдастыру және бақылау, көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану шараларын қолданудан көрінетін, тәртіпті қолдау жатады;

4-3) Қордың әкімшілік-шаруашылық функциялар деп толық материалдық жауаптылық жүктелген адамдардың берілген өкілеттіктер шеңберінде мүлікті, оның ішінде ұйымның балансындағы және банк шоттарындағы ақшаны басқару және оған билік ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруы түсініледі.

5) Қор саясатының субъектісі (бұдан әрі – саясат субъектісі) – Қордың жұмыскері және лауазымды адамдары, сәйкесінше міндеттері олармен жасалған шарттарда бекітілген жағдайда Қормен байланысты контрагенттер;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – Қордың қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

8) мүдделер қақтығысы – Қордың лауазымды адамдары және жұмыскерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда осы аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.

Қордың лауазымды адамдары – Басқарма Төрағасы, Қор Басқармасының мүшелері, Қордың оқшауланған бөлімшелерінің жетекшілері/филиалдардың Директорлары, Бухгалтерлік есепке алу департаментінің директоры – Қордың бас бухгалтері.

4. Қордың барлық жұмыскерлері мен лауазымды адамдары осы Саясатты басшылыққа алуы және оның қағидаттарын, талаптары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қатаң сақтауға тиіс.

5. Қор Саясатының негізгі міндеттері болып:

1) субъектілерде Қордың сыбайлас жемқорлықты оның кез келген түрі мен көріністерінде қабылдамау ұстанымы туралы саясатының біркелкі түсінігін қалыптастыру;

2) Қор және оның атқарып отырған лауазымына тәуелсіз жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа тартылу тәуекелін азайту;

3) сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алу және сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлық көріністерімен келтірілген залалды өтеу;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы корпоративтік сананы қалыптастыру;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

7) саясат субъектілерін сатып алуға кедергі келтіретін құқықтық механизм құру;

8) Қор жұмыскерлерінің осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын, қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі нормаларын білу және сақтау міндетін орнату;

9) Қордағы лауазымдарға сатылмайтын адамдардың орналасуы үшін ынталандыру табылады.

6. Қор өз қызметін іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, соның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды азайту бойынша:

1) шешімдерді қабылдау ресімдерінің есептілігін, бақылаулығын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктерді орнату;

2) адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау;

3) мүдделер қақтығысын болдырмау;

4) іскерлік этика нормаларын қабылдау және сақтау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар қабылдау;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-әрекет жасау жолымен шаралар қабылдайды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ету кезінде Қор келесі қағидаттарда негізделеді:

1) заңдылық және этика;

2) сыбайлас жемқорлықты оның кез келген түрі мен көріністерінде қабылдамау («нольдiк төзбеушілік» қағидаты);

3) корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне ымырасыз қатынас;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы;

5) сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің, соның ішінде мүдделер қақтығысы көріністеріне жол берілмеушілік;

6) саясат субъектілерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарына белсенді тарту.

7. Қордың лауазымды адамдары мен құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері өзінің мінез-құлқымен үлгі көрсете және саясат субъектілерінің саясатымен танысуды жүргізе отыра, сыбайлас жемқорлықтың барлық деңгейлердегі түрлері мен көріністеріне төзімсіз қатынастың этикалық стандартын қалыптастыруға тиіс.

8. Қорда Іскерлік этика кодексінің нормаларын (Іскерлік этика кодексін сақтау), мүдделер қақтығысының пайда болу жағдайларын, сондай-ақ, сол сияқты жағдайлардың пайда болуына бағытталған шараларды реттейтін ішкі құжаттарды сақтау жарияланады.

Қор мүдделер қақтығысын басқарудың келесі қағидаттарын ұстанады:

- 1) нақты немесе әлеуетті мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашудың міндеттілігі;
- 2) әр мүдделер қақтығысын анықтау кезінде жеке қарау және Қор үшін беделдік тәуекелдерді бағалау және оны реттеу;
- 3) мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу процесінің және оны реттеу процесінің құпиялығы;
- 4) мүдделер қақтығысын реттеу кезінде Қор және жұмыскердің мүдделерінің теңгерімін сақтау;
- 5) жұмыскерді онымен уақтылы ашылып және Қормен реттелген (болғызбау) мүдделер қақтығысы туралы хабарлама негізінде қудалаудан қорғау.

2. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТАР

9. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары Қордағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне саясат субъектілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықты және моральдық бағдарлар жүйесін құру жолымен төзбеушілік атмосферасын жетуге бағытталған.

10. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде пайда болатын қоғамдық қатынастар саласында жұмыс істейтін адамдардың жүріс-тұрыс (әрекет) қағидалары:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар әрекет ететін салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға;

2) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау;

3) қоғам және мемлекеттің игілігі үшін қызмет ету, өз әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін нығайту, Қор қызметінің беделін түіруі мүмкін әрекеттердің жасалуына жол бермеу;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге;

5) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың құқыққа сыйымсыз араласуына жол берілмейді;

2) басқарушылық және басқа да шешімдерді әзірлеу және қабылдау кезінде:

1) тікелей немесе Қордың тура жетекшісіне мүдделердің қақтығысы, қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі жеке мүдделілік туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқы және сыйлықтар алуға көндіру туралы хабарлау;

2) қызметтік міндеттерді орындау барысында жеке және пайдакүнемдік мүддені басшылыққа алмау;

3) орныққан өзара қарым-қатынастар тәртібін бұзатын, әріптестер мен жетекшілерге олармен бейтарап қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін заңға қайшы өтініштерден бас тарту;

4) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға итермелеугекөндірмеуге және көтермелемеу;

5) әріптестерге, жетекшілер мен Қордың басқа да лауазымды адамдарына құны 2 АЕК асатын сыйлықтар сыйламау;

6) қызметтік өкілеттіктерді іске асыруға байланысты құны 2 АЕК асатын сыйлықтар қабылдамау;

7) таратуға жатпайтын қызметтік немесе басқа да ақпаратты мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу үшін пайдаланбау;

8) лауазымға тағайындаудан бас тарту, егер ол жақын туыстық қатынастағы адамдарға (ата-анасы, ерлі-зайыптылар, ағалары, апалары, балалары) бағынысты немесе бақылауында болумен байланысты болса;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

10) жетекшілерге мәлім болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін немесе әуре-сарсаңға салушылық үшін кез-келген пайда алуға көндіру туралы дереу хабардар ету;

11) тікелей жетекшіге жазбаша түрде орындау үшін алынған өкімнің дұрыстығы туралы күмәндәну туралы дереу хабарлау;

12) егер Қордың тікелей жетекшісінің өзі мүдделер қақтығысына тартылса, Қордың жоғары жетекшілігіне жүгіну;

13) жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау және әріптестерден соны талап ету;

14) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының мүмкін пайда болу себептері мен жағдайларын жою бойынша шараларды тұрақты түрде қабылдау;

15) кез-келгенге пайда табумен байланысты кәсіпкерлік немесе басқа да қызметті жүргізумен байланысты қолғабыс етуден бас тарту;

16) басқа адамдардың мүддесі үшін өкіл болу немесе мүдделілік танытудан, сол сияқты олардың аттарынан әрекет етуден бас тарту ұсынылады;

3) денсаулық сақтау, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілерді дайындау кезінде:

1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау және талқылауда қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының, Қордың Қоғамдық Кеңесінің міндетті түрде қатысуы;

2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлегенде Қазақстан Республикасының Ұлттық

кәсіпкерлер палатасының және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестік өкілдерінің қатысуы міндетті;

3) нормативтік құқықтық актілердің әзірленген жобалары мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жолдауға дейін көпшілікпен талқылау үшін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру;

4) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары сарапшылар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін интернет-ресурстарды қоса алғанда бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға жатады;

5) нормативтік құқықтық актілерді сараптама (құқықтық, экономикалық, экологиялық, қаржылық және басқа да сараптамалар) өткізусіз әзірлеуге тыйым салынады;

б) нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторларға немесе олардың белгілеріне, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін баламалы санкцияларға ие нормаларды қолданбау **ұсынылады**;

4) тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты пайда болатын басқа қарым-қатынастарда:

1) кадрларды іріктеу және орналастыру кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетулерге жол бермеу;

2) Қордың бағынысты лауазымды адамдардың міндеттері мен қызметтік уәкілеттіктердің көлемін нақты және анық айқындау;

3) Қордың бағынысты лауазымды адамдардың арасында еңбек жүктемесін біркелкі емес үйлестіруге жол бермеу;

4) олардың қызметтерінің нәтижелерін бағалау кезінде әділдік пен объективтілікті таныту, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану;

5) анық орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін өкімдер бермеу;

б) өз қызметтік жағдайын қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шеші үшін бағыныстылардың қызметіне ықпал ету үшін пайдаланбау;

7) бағыныстыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға мәжбүрлемеу;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бағыныстағылармен және Қордың басқа да лауазымды адамдарымен бұзу фактілерін болдырмау және жолын кесу;

9) бағыныстыда онымен өз қызметтік міндеттерін орындау барысында пайда болған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша шараларды толық уақтылы қабылдау;

10) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларды толық қабылдау;

11) бағыныстағылармен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды жасауға жағдай тудыратын себептер мен жағдаяттарды жою;

12) бағыныстағылармен құмар ойындарға қатысудан бас тарту;

13) бағыныстағыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеу ұсынылады.

5) мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде:

1) халықтың мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде сұраныстарына бағдарлана отыра көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бойынша тұрақты түрде шаралар қолдану;

2) бекітілген мерзімде мемлекеттік қызметтерді алуға өтініштерді қарау кезінде әуре-сарсаңға салу фактілеріне жол бермеу;

3) мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушілермен қызметтік емес қатынастарға түспеу;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға көндіру кезінде Қор жетекшілігіне баяндау;

5) «бір терезе» қағидатын сақтау, мемлекеттік қызметтерді алуға өтініш берушілермен тікелей байланысты азайту;

6) мемлекеттік қызметті көрсету үшін бекітілген тізбеге енбейтін қосымша құжаттарды беруді талап етпеу және сұрамау;

7) қызмет алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етпеу;

8) қарауға қабылданған мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы өтініштерді, сондай-ақ оларды қараудың мәртебесі туралы мәліметтерді автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге (олар бар болғанда) уақтылы енгізу ұсынылады;

6) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алумен байланысты мемлекеттік сатып алуларды жүргізген кезде:

1) мемлекеттік сатып алулар үшін пайдаланылатын ақша құралдарын ұтымды және тиімді шығыстау;

2) әлеуетті өнім берушілерге Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңымен көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүргізу ресіміне қатысу үшін тең мүмкіндік ұсыну;

3) әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік;

4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;

5) отандық тауар өндірушілеріне, сондай-ақ отандық жұмыс және қызметтерді жеткізушілеріне Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін мөлшерде қолдау көрсету;

6) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

7) өткізілетін мемлекеттік сатып алуға осы әлеуетті өнім берушінің және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің осы мемлекеттік сатып алуларда уәкілетті өкілінің жеткізушіні таңдау құқығына ие немесе тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілі болып табылатын жақын туыстарының, жұбайының немесе жекжаттарының қатысуына жол бермеу;

8) өткізілетін мемлекеттік сатып алуға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз өнім беруші тіркеліміне тіркелген, сондай-ақ қызметі тоқтатылған заңды немесе жеке тұлғалардың қатысу фактілерін алып тастау;

9) өткізілетін мемлекеттік сатып алуға мүлкіне бұлтартпау шарасы қолданылған жеке немесе заңды тұлғалардың қатысуына жол бермеу;

10) атқару құжаттары бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне қосылғандарға әлеуетті өнім беруші және (немесе) онымен тартылған қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу ұсынылады;

7) денсаулық сақтау субъектілерінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде:

1) денсаулық сақтау субъектілерінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу үшін пайдаланылаын бюджеттік қаражатты ұтымды және тиімді шығыстау;

2) МӘМС жүйесінің кірістері мен медициналық көмекті көрсету бойынша міндеттемелермен теңгерімділігі;

3) ТМККК және МӘМС медициналық көмектің аумақтық қолжетімділігін қамтамасыз ету;

4) адал бәсекелестік;

5) денсаулық сақтау субъектілерінің теңдігін;

6) медициналық қызметті көрсетудің сапасы мен тиімділігін.

7) өткізілетін ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмекті көрсету бойынша қызметтерді сатып алуға Қордың құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын, шешім қабылдау құқығына ие лауазымды адамдарды немесе оның жақын туыстарын, жұбайын немесе жекжаттарының қатысуына жол бермеу;

8) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу ұсынылады;

8) Қордың жұмыскерлерін іріктеу бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

1) Қорға жұмысқа қабылдау кезінде негізгі міндеттерін, Қордың лауазымды адамдарына жүктелетін тыйымдар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді түсіндіру;

2) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының, Қордың кадрларды іріктеу кезіндегі ішкі құжаттардың талаптарын сақтау;

3) жұмыскерлердің жеке деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

4) Қорда жұмыс атқаруға үміткерден еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

5) Қор жұмыскеріне қатысты қызметтік тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу;

б) қызметтік тексеру материалдары бойынша өтетін лауазымға тағайындалып отырған Қордың лауазымды адамдарына кез-келген жеке сипаттағы қызмет көрсету туралы өтінішпен жүгінбеу және талап етпеу.

7) Қордың жетекші жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңына сәйкес қойылатын талаптарды сақтау;

8) Қор жұмыскерлерін Қорда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелерін регламенттейтін ішкі құжаттармен жыл сайын қол қойғызып, таныстыру;

9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытушы іс-шаралар өткізу;

10) Қор жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қолдану (сақтау) мәселелері бойынша жеке консультациялауды ұйымдастыру **ұсынылады;**

9) Қордың контрагенттерімен өзара қарым-қатынас жасаған кезде:

Қор өзіне сәйкесінше жұмыстар мен қызметтерді атқару үшін контрагенттерді:

ұсынылып отырған қызметтер нарығын талдауды;

теңқұқықтық, әділдік, контрагенттерге қатысты кемсінушілік және бәсекелестікті негізсіз шектеудің жоқтығы;

тиімділік пен шығындарды кешенді талдау кезіндегі ең қолайлы ұсыныстарды адал және есті таңдау (ең алдымен өнімнің бағасы мен сапасын);

тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алуға (қажет болғанда, сатып алынатын өнімнің өмірлік циклінің құнын ескерумен) және Қордың шығындарын қысқартуға бағытталған шараларды іске асыруға арналған ақшалай құралдарды мақсатты және экономикалық тұрғыда тиімді шығындау;

контрагентке тым аса талаптар қою жолымен сатып алуға қатысуды шектеудің жоқтығы;

сыбайлас жемқорлық көріністерінің, мүдделер қақтығысының және басқа да уәкілеттіктерді теріс пайдаланудың алдын алуды орнататын ең бәсекеге қабілетті бағалар бойынша контрагентті іріктеу қағидасын басшылыққа алу ұсынылады.

Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын қолдайтын контрагенттермен және/немесе сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды декларациялайтын контрагенттермен іскерлік қатынастар орнатуға талпынады.

Қор контрагенттің жұмыскерін белгілі бір тәуелділікке оғатын және осы жұмыскермен Қордың пайдасына кез келген әрекеттерді жасауды қамтамасыз етуге бағытталған, контрагенттердің жұмыскерлерін қандай болсын жолмен ынталандырудан, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтар беру, олардың тарапына өтеусіз жұмыстар (қызметтер) орындаудан және осында аталмаған басқа да тәсілдерден бас тартатыны туралы айтады.

Қор сыбайлас жемқорлыққа тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін жеткілікті жігер жұмсайды. Ол үшін

контрагенттерді парақорлыққа төзімділікке тексеру, оның ішінде меншік сыбайлас жемқорлыққа қарсы ресімдерінің немесе саясаттарының болуы, олардың осы саясаттың талаптарын сақтауға және шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы алғышарттарды (ескертулерді) қосуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын бірлесе алу үшін өзара әрекет жасауға дайындығы тексеріледі.

3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

12. Қорда өзінде Қор жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы туралы, Қормен осы мақсаттарда қабылданып отырған шаралар, сондай-ақ осы саясаттың ережелері мен талаптарын қамтитын оқыту жүргізіледі.

Қор өз жұмыскерлерінен оларды негізгі қағидаттар, талаптар және бұзушылықтар үшін санкциялар туралы хабардар ете отыра, Қордың саясатын сақтауды талап етеді. Қордың барлық жұмыскерлері Қор саясатын басшылыққа алуы тиіс және еңбек шартын жасасу кезінде оның қағидаттары мен талаптарын бұлтартпай сақтауы тиіс. Қордың әр жұмыскерімен міндетті түрде Қордың саясатының қағидаттары мен талаптарын және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау туралы міндеттемеге (келісімге) қол қойылады.

Кез келген жұмыскер өз әрекеттерінің құқыққа сәйкестігінде немесе саясаттың мақсаттарына, қағидаттары мен талаптарына сәйкестігінде, сондай-ақ басқа жұмыскерлердің, Қормен өзара іс-әрекет ететін контрагенттердің немесе басқа адамдардың әрекеттерінде, әрекетіздіктерінде немесе ұсыныстарына күмәнданса, ол туралы өзіне орын алған жағдай бойынша ұсыныстар мен түсіндірме беретін өзінің тікелей жетекшісіне және/немесе Қордың ішкі қауіпсіздік қызметінің жетекшісіне хабардар етуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің немесе шаруашылық қызметке ықпал ететін басқа да факторлардың уақыт ішінде ықтимал өзгеруіне байланысты, Қор енгізілген сыбайлас жемқорлықты болдырмау бойынша сайма сай ресімдердің мониторингін жүргізеді, олардың сақталуын бақылайды, ал қажет болғанда оларды қайта қарап, жетілдіреді.

4. АҚПАРАТТАНДЫРУ

13. Қор осы саясатты Қордың корпоративтік сайтында еркін қол жеткізу үшін орналастырады, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау туралы ашық мәлімдейді, саясат қағидаттары мен талаптарын саясаттың барлық субъектілерімен және басқа адамдармен сақталуын құптайды және көтермелейді.

14. Сыбайлас жемқорлықтың мүмкін немесе белгілі жағдайлары туралы хабарламалар құпиялықты қамтамасыз ететін байланыстың келесі арналары мен құралдары арқылы беріле алады:

Электронды пошталық мекен-жайы: fmshotline@gmail.com
«ӘМСҚ» КЕАҚ сенім телефондарына
пошталық мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Д.
Қонаев өш., 14/3 (11 қабат).

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

15. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды адамдары мен жұмыскерлері тағайындалған лауазымына тәуелсіз осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауына, сондай-ақ осы қағидаттарды, талаптар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бұзатын оларға бағынысты адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауапты.

Сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жауапкершілік шараларына: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілік сәйкес шаралар жатады.

Қор әр негізді күмән немесе анықталған сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен жол берілген шеңберде қызметтік тексерулер жүргізуге құқылы.

Қор саясатының тиімділігі жеткіліксіз нормаларын анықтаған кезде немесе Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасының өзгеруі кезінде, Қор Қордың саясатын өзектендіру бойынша әрекеттер жоспарын әзірлеу және іске асыруды ұйымдастырады.